

ҚАУІПСІЗДІК САБАҒЫ



Бағдина СЕКЕРБЕК,
Астана



ПРОФИЛАКТИКА

Астана жол дистанциясы жыл сайын темір жолға жақын орналасқан мектептерде оқушыларға қауіпсіздік ережелерін түсіндіруге бағытталған профилактикалық іс-шаралар өткізеді.

Кезекті кездесу Астана қаласындағы №25 мектепте ұйымдастырылып, оған 9-11-сынып оқушылары қатысты. Дәрісті Астана жол дистанциясының жол инженері Жанболат Сапарғалиев өткізді.



Кездесу барысында оқушыларға темір жол арқылы өткенде барынша мұқият болу қажеттігі түсіндірілді. Темір жолды тек белгіленген орындардан кесіп өту, жолдан өтер кезде айналаға мұқият қарау, құлаққаппен музыка тыңдамау және қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау керектігі ескертілді.

Маман темір жол аумағында кездесетін қауіпті әрекеттерге де тоқталды. Атап айтқанда, балалардың вагон төбесіне шығып ойнауы, рельстерге тас немесе басқа да бөгде заттар қоюы секілді жағдайлардың байқалғаны айтылды. Мұндай әрекеттер адам өміріне қауіп төндіріп қана қоймай, пойыз қозғалысының қауіпсіздігіне де әсер етуі мүмкін.

Сонымен қатар оқушыларға қозғалыстағы пойызға жақындамау, пойыздың алдында темір жолды кесіп өтпеу, платформада белгіленген қауіпсіздік шегін сақтау қажеттігі түсіндірілді. Электр қауіпсіздігіне де ерекше назар аударылып, үзілген электр сымына жақындауға болмайтыны ескертілді.

Кездесу барысында теміржол аумағындағы тәртіп пен құқық бұзушылық мәселесі де қозғалды. Қауіпсіздік талаптарын бұзған жағдайда тиісті жауапкершілік қарастырылатыны, көмелетке толмағандардың әрекетіне байланысты ата-аналардың да жауапкершілігі болуы мүмкін екені түсіндірілді.

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ержан Болатұлы өз сөзінде мұндай профилактикалық акциялардың оқушылар үшін маңызы зор екенін атап өтті. Оның айтуынша, қауіпсіздік ережелерін жүйелі түрде түсіндіру – балалардың теміржол маңында сақтық танытып, өз өмірі мен денсаулығына жауапкершілікпен қарауына ықпал етеді.

Жыл сайын өткізілетін мұндай түсіндіру жұмыстарының басты мақсаты – темір жолға жақын орналасқан мектеп оқушыларының қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырып, қауіпті жағдайлардың алдын алу. Темір жол – жоғары қауіпті аймақ. Сондықтан оның маңындағы қарапайым қауіпсіздік талаптарын сақтау әр адамның жауапкершілігінен басталады.

Суретті түсірген автор

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ



Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл



ДӘРІС

Жастарды теміржол саласына тартып, тұрақты жұмыспен қамтуда кәсіби-техникалық мамандықтардың артықшылықтарын түсіндіру мақсатында Шу локомотив пайдалану депосында «Ашық есік күні» ұйымдастырылды.



Аудан орталығындағы №10 Шу колледжінің студенттері «Ашық есік күнінде» ғасырға жуық тарихы бар кәсіпорындағы еңбек процесімен танысты. Оқу орны ауыл шаруашылығы және теміржол салаларына мамандар даярлап, кәсіптік-техникалық білім береді. Сондықтан бұл іс-шара болашақ мамандар үшін өндіріспен танысуға таптырмас мүмкіндік болғанын айта кету керек. Әсіресе темір жолдың жылжымалы тартым құрамын пайдалану, вагондар мен рефрижераторлық жылжымалы құрамды пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету, мамандықтары бойынша оқып жатқан жастарға депода өткен экскурсия өндірістік сабақтан кем түскен жоқ.

Локомотив бригадаларының нұсқаушысы Денис Ярулин студенттерге техникалық оқыту және еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік кабинеттері мен цехтарын аралатып көрсетіп, депо тарихымен де таныстырды. Кәсіпорында еңбек ететін мамандарға жүктелетін міндеттерді жіктеп, темір жолдың транзиттік әлеуетіне де тоқталды.

Сонау 1929 жылы Түрксіб құрылысына байланысты айналым пункт ретінде құрылып, төрт жылдан кейін депо санатына ауыстырылған құрылымдық бөлімше бүгінде іргелі кәсіпорынға айналған. Депо паркі әр жылдарда жаңа тепловоз, электровоздармен толықтырылып, тасымалмен қатар локомотивтерге техникалық қызмет көрсетумен де айналысады.

Суретті түсірген автор

ЖАУАПКЕРШІЛІК – ТАБЫС КЕПІЛІ

Шиелі станциясы өндірістік тапсырмаларды межеден асыра орындауға дағдыланған. Әр ай сайын шығарылатын өндірістік жұмыс нәтижесіне қарай күнделікті тапсырмалар легінің нобайын жасайтын шиелілік теміржолшылар үшін бекітілген жоспарды орындауға еш кедергі жоқ.



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Жұмыстың сауатты ұйымдастырылуы, жұмысқа қажетті киім-кешек, құрал-сайманмен дер кезінде қамтамасыз етіліп, еңбек жағдайының жасалуы да көрсеткіштердің жоғары болуына әсер ететіні сөзсіз.

Шиелі станциясының бастығы Нұрғали Әбжаппаров өндірістік көрсеткіштер 104 пен 147 пайыз аралығында орындалып отырғаны – ең алдымен әріптестерінің кәсіби міндетке адалдығы мен жауапкершілігінің нәтижесі деп біледі.

– Кез келген табысты жұмыс ең алдымен жауапкершіліктен

басталады. Биылғы 8 айдағы көрсеткіштерге тоқталсақ, 3339 вагонның орнына 5218 вагонға жүк тиелді. Станцияға келген 410 пойыздан 18 681 вагон ажыратылып, 381 пойызға 15 303 вагон тіркелді. Жүк операциясы жасалмай бос тұруға бекітілген 2,80 сағаттық меже 8 айда 2,27 сағатқа жеткізіліп, жоспар 123 пайызға орындалған. 11,0 сағатқа бекітілген бір жүк операциясын жүргізу кезінде вагонның бос тұруы 8 айда 10,23 сағатқа дейін азайтылып, жоспар 107 пайызға орындалды. Жалпы жұмыстың тиімділігін арттыруға

әр ауысымдағы теміржолшылар өз үлесін қосуда. Ал біз оларды жұмыс кезінде ештеңе алаңдатпай, тек қана өндірістік жұмысты нәтижелі атқаруына жағдай жасаймыз, – дейді станция бастығы Нұрғали Әбжаппаров.

Негізгі магистральдың бойында жатқан байырғы станцияда еңбек ететіндердің дені теміржолшы кәсібін атадан балаға мирас еткен әулеттен шыққан. Олардың қатарында станцияға келетін пойыздар құрамының шашауын шығармай қарсы алып тиісті жолға тоқтауын, одан кейін құжаттарына



қарай тиісті жүк операциясының рәсімделіп, жолға шығарылуына мүмкіндік жасайтын станция кезекшісі Алижағыпар Шауенов, құжаттарды өңдейтін оператор Бағжан Нұртазаева, станция кезекшісінің пәрменімен вагондарды пойыз құрамынан ажыратып немесе қайта жасактайтын пойыз құрастырушы Бексұлтан Тұрсыманов, бүкіл вагонның реттік нөмірінен бастап қай станцияға жөнелтілетініне дейін жадында сақтай алатын парк кезекшісі Ислам Қарамырзаев бар.

Суретті түсірген автор

SAP ЖҮЙЕСІ: ҚТЖ ҮШІН ОЗЫҚ ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Техникалық қызмет көрсету және жөндеуді басқару бағытында, жөндеу жұмыстарын басқарудың негізгі процестері толық автоматтандырылды. Мобильді диагностикалық кешендерден (МДК) SAP жүйесіне деректердің автоматты түрде берілуі қолмен енгізуді толықтай жойып, ақпаратты өңдеу жылдамдығын бірнеше есе арттырды. Сонымен қатар арнайы жылжымалы құрамды есепке алу функционалы автоматтандырылды.

Деректерді басқару бағыты бойынша арнайы киімдер мен жеке қорғаныс құралдарының лимиттері жаңа стандарттарға сәйкес жүйелендіріліп, материалдардың жаңа анықтамалығы қалыптастырылды. Осылайша, қызметкерлердің арнайы киімге қажеттілігін жоспарлау толық автоматтандырылып, жоспарлау сапасы артты және қызметкерлерді арнайы киіммен уақытты қамтамасыз ету мәселесі қарастырылуда.

Озық жүйе персоналды басқару (HR) бағытына да жаңа серпін берді. SAP платформасындағы HR-жоба Қазақстандағы ең ірі жобалардың біріне айналып, компаниядағы персоналды басқарудың бірыңғай цифрлық негізін қалыптастырды. Жиырма жыл бойы жүйе еліміздегі ең ірі HR-инфрақұрылымының үздіксіз жұмысын қамтамасыз етіп, 100 мыңнан астам қызметкердің кадрлық процестері мен еңбекақысын есептеуді бірыңғай форматта жүргізіп келеді. Атап өтерлігі, осы уақыт ішінде негізгі биз-

нес-процестерді тоқтатпай-ақ жүздеген жетілдіру мен өзгерістер енгізілді. Бұл жүйенің сенімділігі мен ауқымдылығын, сондай-ақ жаңа талаптарға икемді бейімделе алатынын дәлелдей түсті.

SAP-тың игілігін қаржы және негізгі құралдар бағытынан да көруге болады. Жүйе арқасында негізгі құралдардың табиғи тозуын есептеу автоматтандырылып, инвентарлық карточкалардағы деректер ретке келтірілді. Ал бұл өз кезегінде, ақпарат енгізудегі қателіктерді азайтып және тарифтік сметаны Табиғи монополияларды реттеу комитеті алдында сәтті қорғауға мүмкіндік берді.

Материалдық ресурстарды басқару бағытына келсек, материалдық базалардағы қорлардың қозғалысы цифрландырылуда, барлық есеп беру нысандары SAP жүйесінде стандартталды. Осылайша, Қазақстан Республикасы заңнамасындағы өзгерістерге сәйкес жаңа қосымша құн салығы мөлшерлемелеріне көшу уақытты жүзеге асырылды.

SAP BW/SAP Analytics Cloud немесе Деректер қоймасы және аналитика бағытына келсек, SAP BW деректер қоймасы негізінде SAP Analytics Cloud платформасында интерактивті дашбордтар әзірленді. Нәтижесінде компания басшылығы негізгі көрсеткіштерді онлайн режимде бақылауға мүмкіндік беретін заманауи аналитикалық құралға ие болды. Міне, бұлар – SAP жүйесі шеңберінде іске асырылған ілкімді жобалар

мен міндеттер.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ мамандары SAP жобасының ауқымын әлі де кеңейте түсіп, жалғастыруды жоспарлап отыр. Алдағы міндеттерге келсек, олардың қатарында: ТОЖК автоматтандырылған жүйесін «Магистральдық желі дирекциясының» барлық филиалдарына енгізу; еншілес ұйымдардың жүйелерімен контрагенттер мен тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер анықтамалықтары бойынша интеграцияны іске асыру; персоналды басқару жүйесін «Пойыз бригадаларының жұмысын басқару», IDMX есептік жазбаларды басқару жүйесі, job.railways және enbek.kz платформаларымен біріктіріп, кадрларды іздеу және іріктеу процесін оңтайландыру; шығыстар бюджеті мен сатып алу жоспарына түзетулер енгізудің бірыңғай цифрлық процесін автоматтандыру және сатып алу жоспарын ИСЭЗ жүйесімен ықпалдастыру іс-шаралары бар.

Сонымен қатар компания SAP S/4HANA платформасына кезең-кезеңімен көшуді жоспарлап отыр. Бұл барлық бизнес-процестерді түбегейлі қайта қарауға, цифрлық трансформацияны жаңа деңгейге көтеруге және жүйені қоғамның еншілес ұйымдарына кеңінен енгізуге мүмкіндік береді. Мамандар SAP жүйелерін одан әрі дамыту жоғары сапалы деректер қорын қалыптастырып, жасанды интеллект технологияларын барынша тиімді қолдануға мол мүмкіндік беретінін сеніммен айтады.

КӨМІР ТАСЫМАЛЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ



ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮК



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Жалпы, Семей ЖТ бөлімшесі филиалының логистика және жүк тасымалын ұйымдастыру бөлімі мамандарының есебі бойынша тек бір ғана Абай облысына биылғы жылыту маусымына 1,27 млн тонна көмір қажет екен. Оның шамамен 567 мың тоннасы жеке сектордағы тұрғындардың қажеттілігіне жұмсалады. Осы орайда өткен жұма 18 қыркүйек күнгі өткесі бойынша аймақтағы барлық жылумен қамту көздеріне 40 мың тоннадан астам көмір жеткізіліпті. Бұл дегеніміз белгіленген нормативтік қордан 1,6 есе артық көрсеткіш деген сөз.

Қазіргі таңда қатты отынды тұрақты әрі уақтылы жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында «Қаражыра» АҚ, «ҚТЖ-ҰК» АҚ Семей ЖТ филиалы жергілікті атқарушы билік өкілдерімен бірлесіп көмір жеткізудің тиісті кестесін бекіткен болатын. Сонымен аясында бүгінде облыс көлемінде жеке сектор мен әлеуметтік маңызы бар нысандарды көмірмен қамтамасыз ететін 40



өңірлік оператор тұрақты түрде жұмыс істейді. Бүгінде көмір тасымалы бойынша ешқандай кідіру, ал қатты отынды сатып алу ісінде қарбалас жоқ.

Облыста 49 орталықтандырылған жылумен жабдықтау көзі және 330 автономды қазандық жұмыс атқарады. Бұл ретте орталықтандырылған жылумен жабдықтау көздері үшін отынның нормативтік қоры 25 мың тоннаны құрайды екен. Көмір қорын толықтырып отыру белгіленген жоспарға сай жүргізілуде.

Қазіргі уақытта жылумен жабдықтау көздеріне, сондай-ақ аймақ тұрғындарына көмір

жеткізу жұмыстары тұрақты түрде жалғасуда. Отын бекітілген кестеге сәйкес жеткізілуде. Яғни әрбір теміржол түйіғына тәулігіне орта есеппен 9 вагон көмір әкелінеді екен. Ал отын қорының нормативтік деңгейден төмендеуіне жол бермеу басты мәселелер қатарында, тұрақты бақылауда тұр.

Семей ЖТ бөлімшесі филиалы директорының жүк және коммерциялық жұмыстар жөніндегі орынбасары Ердаулет Төлековтің айтуынша, қазіргі күні әр тәулік сайын орта есеппен 350 вагон көмір тиілінеді.

– Бүгінде көмір тасымалы бойынша бірінші кезекте Абай

облысы мен Шығыс Қазақстан облыстарына айрықша басымдық беріліп отыр. Сонымен қатар облыс әкімдіктері, «Қаражыра» АҚ және Семей теміржолы арасында көмір жеткізу мерзімдерін қысқарту туралы өзара келісім бар. Жұмыс барысы жоспарға сәйкес жүргізілуде. Қазіргі таңда «Қаражыра» АҚ тәулігіне ең кемі 350 вагон көмір тиеуді қамтамасыз етіп отыр, – дейді Ердаулет Мырзақанұлы.

Жалпы, күзгі көмір тасымалы барысы бөлімше басшысы назарында тұр. Бұл тараптағы атқарылып жатқан жоспарлы іс-шаралар қыркүйектің 29-на дейін жалғасатын күзгі комиссиялық байқауда да бірінші кезектегі мәселелер қатарында қаралуда. Әсіресе ауыр салмақты жылжымалы құрамдар құрастырылатын Дегелең және көмір тиелген вагондарды сұрыптау жұмыстары қарқынды түрде жүргізілетін Семей мен Жаңа-Семей сынды тораптық жүк станцияларындағы өндірістік процестерге айрықша басымдық беріліп отыр.

Суретті түсірген автор

КОГДА КАЖДЫЙ ВАГОН РАБОТАЕТ НА УРОЖАЙ



Руслан РАХМЕТОВ,
Кокшетау

Первым пунктом командировки стал элеватор ТОО «АгроКЗ», где в этот день шла погрузка ячменя в крытые вагоны АО «Қазтеміртранс», следующие в Китай. Внутри склада без остановки работает транспортировочная лента: зерно засыпается в мешки по 50 килограммов, автоматически зашивается и по конвейеру поступает к вагону. Здесь нет лишней суеты – каждый участник знает свою задачу, а один вагон при механизированной погрузке заполняется примерно за четыре-пять часов.

По словам директора Акмолинского филиала АО «Қазтеміртранс» Самата Жарахметова, филиал заранее готовится к сезонному росту объемов и ориентируется на потребности рынка.

– Акмолинская область – один из зерносеющих регионов страны. Поэтому мы подстраиваемся под ситуацию на рынке и готовы отвечать на любой вызов, в частности в перевозке зерновых грузов и продуктов их переработки, – отметил он.

Готовность к сезону подтверждают и производственные показатели. С начала года Акмолинским филиалом отгружено 6 434 крытых вагона – на 1 583 вагона больше, чем за аналогичный период 2025 года. Тогда показатель составил 4 851 вагон.

Сегодня общий парк крытых вагонов АО «Қазтеміртранс» насчитывает 6 246 единиц, около 500 из них находятся в содержании Акмолинского филиала. При увеличении нагрузки предусмотрен дополнительный подсыл вагонов, что позволяет оперативно реагировать на потребности грузоотправителей и перераспределять подвижной состав.

Работа по обеспечению перевозок ведется в постоянном взаимодействии с грузоотправите-

лями, элеваторами, Акмолинским отделением грузовых перевозок и Региональным центром управления перевозками Северный. Ежедневно специалисты отслеживают потребность в вагонах, их наличие и продвижение.

– В период уборочной кампании для нас главный приоритет – обеспечить своевременную подачу вагонов и стабильность перевозочного процесса. Взаимодействие со всеми участниками осуществляется круглосуточно. Особенно важно оперативно решать возникающие вопросы совместно с железнодорожными подразделениями, элеваторами и



грузоотправителями, поскольку от ритмичности погрузки зависит производительность вагонного парка и ускорение его оборота, – подчеркнул Самат Жарахметов.

На элеваторе ТОО «АгроКЗ» зерно готовят непосредственно к отправке зарубежным покупателям. Предприятие специализируется на экспорте, а сегодняшняя партия ячменя отправляется в Китай.

По словам директора ТОО «АгроКЗ» Алмазхана Мухамедрахимова, в среднем предприятие ежегодно отгружает около шести тысяч тонн зерна, а годовой объем достигает порядка 80 тысяч тонн. Помимо Китая, продукция направляется в Узбекистан и Афганистан.

– По сравнению с прошлым годом объемы погрузки увеличились примерно на 20 тысяч тонн. Такая тенденция сохраняется ежегодно. Что касается Китая, спрос с каждым годом растет, и в среднем мы увеличиваем объемы поставок примерно на 10-15 процентов ежегодно, – отметил Алмазхан Мухамедрахимов.

Говоря о взаимодействии с железной дорогой, руководитель предприятия отмечает, что вагоны подаются в соответствии с заявками, что позволяет выстраивать работу в плановом режиме.

– В целом работа происходит неплохо. Вагоны подаются по

нашим заявкам, все это отработано ритмичности погрузки и доставки. Мы выполняем свою часть работы, и перевозочный процесс идет в рабочем режиме, – сказал директор ТОО «АгроКЗ».

Вторым важным направлением командировки стало посещение Сервисного кабинета АО «Қазтеміртранс» в Кокшетау. Здесь клиентам помогают зарегистрироваться в системе, оформить договор, подать заявку на предоставление вагонов и получить необходимую информацию по перевозкам.

Для грузоотправителей это особенно важно в период активной перевозочной кампании, когда скорость получения информации напрямую влияет на оперативность принятия решений.

Руководитель компании ТОО «Beles Export» Сергей Романов работает с АО «Қазтеміртранс» с прошлого года. Предприятие использует крытые вагоны для перевозки зерновых грузов, в основном в направлении Узбекистана.

– Мы сразу пришли к собственнику вагонов – АО «Қазтеміртранс», поскольку здесь всегда есть возможность получить подвижной состав. Пока наши объемы небольшие, но мы постепенно их наращиваем. Очень удобно, что в Сервисном кабинете можно получить помощь специалистов, зарегистрироваться, оформить договор и подать заявку. Все это делается онлайн, – рассказал Сергей Романов.

По его словам, цифровой сервис позволяет контролировать перевозку и после отправки груза.

– В личном кабинете в режиме реального времени можно увидеть, где находится вагон, на какой станции он сейчас, какое расстояние уже прошел и сколько ему осталось до пункта назначения. Документы также подписываются с помощью ЭЦП, поэтому многие процессы проходят без бумажного оформления, – отметил Сергей Романов.

Для грузоотправителя это означает возможность не только дистанционно оформлять документы, но и постоянно держать перевозку под контролем.

Ну а на элеваторе закрывается очередной крытый вагон. Внутри – очередная партия ячменя, которая вскоре отправится по железной дороге к зарубежному потребителю. Следом под погрузку будет подан следующий вагон.

Так, из ежедневной работы железнодорожников – своевременной подачи вагонов, контроля их движения и взаимодействия с грузоотправителями – складывается большой путь казахстанского зерна от элеватора до внешнего рынка.

Фото Диаса НУРМАГАМБЕТОВА

ЛОКОМОТИВНАЯ БРИГАДА СПАСЛА МАЛЫША

(Окончание. Начало на 1-й стр.)

Передав ребенка диспетчеру на станции Айнаулак, неравнодушный машинист взял номер телефона коллеги, чтобы позже узнать о судьбе малыша. По прибытии в Уштобе он позвонил и выяснил, что ребенка уже забрали родители.

Свой поступок локомотивная бригада подвигом не считает, скромно отмечает, что выполняли свой человеческий долг. Хотя именно благодаря их внимательности для семьи эта история закончилась благополучно. Этот случай еще раз показывает, насколько опасными могут быть беспечность взрослых и отсутствие присмотра за маленькими детьми.

За проявленную бдительность и действия, которые позволили предотвратить возможную трагедию, локомотивная бригада будет представлена к поощрению. Соответствующее решение принято на уровне Матайского локомотивного депо и ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки».

– Для нас это важный пример ответственного отношения к своей работе и человеческому отношению к окружающим. Машинист и его помощник не растерялись в нестандартной ситуации и сделали все необходимое, чтобы помочь ребенку, – отмечает заместитель начальника ТЧЭ-26 по производству Ерлан Сейсембаев. – На планерных совещаниях и технических занятиях мы постоянно обращаем внимание локомотивных бригад на необходимость проявлять бдительность при следовании по перегонам и станциям. Это касается не только людей, оказавшихся на пути, но и посторонних предметов, автотранспорта, животных. Машинист должен быть готов своевременно применить торможение и не допустить наезда. Этот случай обязательно будет разобран с локомотивными бригадами и станет ориентиром для коллег.

ВСТРЕЧА ДЛЯ РАЗВИТИЯ

Любовь РОВБА,
Астана



Повышение эффективности мультимодальных перевозок, развитие транспортных коридоров и устранение операционных ограничений обсудили в ходе встречи представителей транспортно-логистического сектора Казахстана с экспертами Азиатского банка развития (АБР).

Мероприятие объединило на площадке НПП «Атамекен» в Астане представителей АО «НК «Қазақстан темір жолы», АО «KTZ Express», СТК «Kazlogistics», Ассоциации национальных экспедиторов РК, морской и речной отраслей, а также ведущих транспортных вузов Казахстана.

Встреча прошла в рамках технической помощи АБР «Развитие железнодорожного сектора в странах ЦАРЭС» и стала площадкой для профессионального обмена мнениями по ряду актуальных вопросов.

Основное внимание уделено вопросам повышения эффективности мультимодальных перевозок и транспортных коридоров, развитию инфраструктуры, устранению операционных ограничений, климатической устойчивости и инвестиционным приоритетам в транспортно-логистической сфере и другим.

Профилактика

БЕСЕДЫ О ЖИЗНЕННО ВАЖНОМ

Яна ЛЕНИНА,
Уральск

Совместная профилактическая работа уральских железнодорожников с отделом полиции на транспорте (ОПТ) по станции Уральск продолжается. В очередной раз проведена беседа с учащимися подшефной школы № 45, расположенной на привокзальной площади.

По уже сложившейся традиции встреча началась с просмотра видеоролика по теме «Железная дорога – зона повышенной опасности». Затем главный инженер Уральской дистанции пути Саматжан Максұтов и инженер по безопасности и охране труда станции Орал Гульдана Жамалова напомнили, что ряд запретов возник не случайно, а на основе реальных травматических ситуаций, а также объяснили, в чем состоит профилактика травматизма на объектах транспорта. В своих выступлениях они привели примеры из жизни, показывающие, почему нельзя пролезать под вагонами, перебегать пути перед движущимся составом, ходить по железнодорожным путям и играть рядом с ними и так далее.

Выступили также и представители отдела полиции на транспорте по станции Уральск – заместитель начальника майор полиции Канат Нурғалиев, старший инспектор группы по контролю за оборотом гражданского и служебного оружия старший лейтенант полиции Адилгерей Есиркепов и старший инспектор группы профилактики правонарушений Алия Даукенова. Они разъяснили школьникам меры личной безопасности, напомнив о правовых аспектах нарушения правил поведения на железной дороге для несовершеннолетних и их родителей, а также затронули другие злободневные темы для подростков.

В мероприятии приняли участие более 100 учащихся восьмых и девятых классов. В конце встречи им раздали памятки по прозвучавшим в беседе темам.



Инфраструктура

ВЫСОКИЙ УРОВЕНЬ КОМФОРТА

Визитная карточка шахтерской столицы – железнодорожный вокзал продолжает регулярно преобразоваться. Один из весомых поводов для масштабной подготовки – приближающийся 70-летний юбилей вокзала. Главная цель проводимых работ – обеспечение высокого уровня сервиса, чистоты и безопасности для горожан и гостей города, ведь ежедневный пассажиропоток составляет около шести тысяч человек.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Слаженная работа и инициативность сотрудников позволяют постоянно совершенствовать вокзальный комплекс и создавать комфортные условия для пассажиров, которые ежедневно пользуются его услугами. Так, на сегодняшний день расширены зоны ожидания на перронах: ранее лавочки располагались только на первом перроне. Для удобства пассажиров дополнительно установлено 10 скамеек. Инициатива позволила сэкономить ресурсы: работники после реконструкции

вокзала Караганда-Сортировочная старые скамейки отреставрировали, придав им современный вид.

На прилегающей территории – перроне и платформах – обустроена беседка и дополнительные места для курения, оснащенные урнами.

По всей территории железнодорожного вокзала размещены трехсекционные контейнеры для раздельного сбора мусора. Это сделано в рамках республиканской программы «Таза Қазақстан». Контейнеры состоят из трех изолированных секций с маркировкой и цветовой индикацией, позволяющей пассажирам



легко интуитивно определять, в какой отсек выбросить мусор.

В настоящее время полностью обновлена система наружного освещения, что обеспечивает комфорт и безопасность в темное время суток.

Все сотрудники железнодорожного вокзала искренне болеют за свое дело, проявляют инициативу и предлагают интересные рационализаторские решения. Многие идеи работников уже нашли практическое применение.

Фото автора

НЕ ТЕРЯЯ БДИТЕЛЬНОСТИ



В Уральске прошел семинар-совещание для сотрудников территориальных подразделений филиалов дочерних организаций АО «НК «КТЖ» Уральского региона на тему «Предупреждение и профилактика коррупции и иных правонарушений в сфере железнодорожного транспорта».

Анна ПАНИЩЕВА,
Уральск

В мероприятии приняли участие руководитель комплаенс службы АО «НК «КТЖ» Жазира Рахимова, представитель комплаенс службы Чингис Агжанбаев, а также заместитель руководителя департамента Агентства по делам государственной службы по ЗКО Бауыржан Ибрашев. Модератором семинара-совещания выступил заместитель директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Актебе» по Уральскому региону Еркен Сахтанов.

В ходе семинара-совещания были разъяснены основные положения антикорруп-



ционного законодательства и внесенные в него изменения, которые вступают в силу с 1 января 2027 года, с акцентом на отраслевые

особенности. Спикеры также напомнили о наличии локальных актов внутри компании, которым обязаны следовать абсолютно все работники, независимо от должности. Одной из специфических особенностей железнодорожной отрасли является преемственность поколений, немало трудовых династий, чей совокупный трудовой стаж исчисляется веками, что является предметом гордости. Вместе с тем родственные связи не могут быть основанием для снижения требований к работникам, а решения должны приниматься в строгом соответствии приказам, инструкциям и кодексу корпоративной этики и поведения.

Подробно была разъяснена политика информирования, объявлены номера «горячей линии», администрирование которой передано сторонней организации в целях сохранения анонимности обращений трудящихся о фактах коррупции на железной дороге. В настоящее время компания готовится к сертификации по международному стандарту «Антикоррупционная система менеджмента» – ISO 37001. Кроме того, были разъяснены положения политики недопущения домогательств и дискриминации.

Фото автора

«ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС Қызылорда филиалы және Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің басшылығы мен ұжымы, «Қазтеміржолкасіп» ҚБ Қызылорда филиалы Қызылорда ЖТ бөлімшесінің бас инженері Құлхан Чапайұлы Белкібаевтың жұбайы

Арыстанқызы Жаннаның қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

